

ЖЕҢІС

I.

Казарма лық толған тыныштық.
Жатыр ұйықтап солдат достар.
Жоғарғы нар қандай ыстық, —
Жан екен бір монша құмар.

Әм дөңбекшіп, әм күңкілдеп,
Арпалысад ұйқылы-ою.
Тамып-тамып, тамылжып кеп
Естіледі бір күй қоңырау.

Естіледі бір күй қоңырау,
Әлдилейді жүрегімді,
Мезгіл еді таңға таяу,
Неткен күй бұл, кім не білді?

Неткен күй бұл жанға тәтті?
Неткен күй бұл тым мезгілсіз?
Кім жіберді бұл ләззәтті?
Жаным, жаным, рахатқа жүз.

II.

Қайда, қайда кеттің күйім,
Таусылдың ба, саркылдың ба?
Енді қанша дөңбекшіінін...
Тыңда жаным, тыңда-тыңда:

Болды маған естілгендей.
Ұлы Москва демалысы;
Кетші әрі ұйқы, түнше төнбей.
Япырай бұл диктор даусы, —

Күйі ғой бір қуаныштың!
Саңқ-саңқ етіп сонау көктен,
Қыйқуындай қыран құстың
Ғажап дауыс шығады өктем.

Жалғыз кезген жер-жаһанды
Күй қуатты бір жолаушы
Тірілкенден өлі жанды,
Саңқылдайды жеңіс даусы.

Жеңіс даусы! Күдіретті үн
Құйылды кеп кеудемізге,
Қалдық ұйып. Дүние шіркін,
Өліміз бе, тіріміз бе?

ДАУЫСЫ

III.

Тік көтеріп шаттық дауыл,
Өрт боп қаулап шықтық сыртқа;
(Өскен қала, туған ауыл,
Не күйде екен осы уақытта?)

Көк төсінде жүзді оттар
Қуаныштай жарқылдаған,
Кетті атылып ақтық оқтар,
Винтовкадан, нағандардан.

Кетті атылып ақтық оқтар —
Кетті атылып ақтық ашу;
Кешегі қол — қанды шокпар,
Қызыл канат ұстаушы ту!

Келеді атып ғажайып таң,
Асыққандай игілікке.
Көрдім сені, байтақ Отан,
Шығып сол кез бір биікке,

Көрдім сені, жайдым құшақ,
Токтата алмай көз жасымды,
Құштым, сүйдім, ғашыққа ұсап,
Майдандас бір жолдасымды.

Жеңіс даусы, күдіретті үн.
Саңқылдайды, тебрентеді;
Шіркін Адам, ұқтым бүгін,
Жаны қандай нәзік еді,

Көңлі қандай шалқар еді,
Нендей ыстық махаббаты,
Құшақтасып ұшар еді,
Әттең ғана жоқ канаты...

Құйшы достым, мөлтілдетіп,
Көз жасындай сүйген жардың,
Ішші достым, өлендетіп,
Саулығына жолдастардың,

Көп боп аңсап күткен бұл күн,
Жаса жеңіс, жаса бақыт!
Жатсын жайнап, дүние шіркін,
Қазақша күй, орысша жүт.

Қасым АМАНЖОЛОВ.